


АУДАРМАТАНУДЫҢ  
ЗАМАНАУИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

СОВРЕМЕННЫЕ ПРОБЛЕМЫ  
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ



Алматы 2016

ӘОЖ 80/81  
ҚБЖ 81.2 Каз-7  
А 91

*Баспаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесі  
(Хаттама №2, 31.10.2016) және Редакциялық-баспа кеңесі ұсынған  
(Хаттама №1, 02.11.2016 ж.)*

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Сейтжанов**  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент **М. Үмбетбаев**

**Авторлар:**

*Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақов, Т. Есембеков, А. Жақсылықов,  
Л. Мұсалы, С. Сейденова, А. Айтмұханбетова, И. Әзімбаева*

**А 91 Аударматанудың заманауи мәселелері = Современные проблемы переводоведения: ұжымдық монография / Ж. Дәдебаев, Ә. Тарақов, Т. Есембеков, А. Жақсылықов, Л. Мұсалы, С. Сейденова, А. Айтмұханбетова, И. Әзімбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 207 бет.**

**ISBN 978-601-04-2081-6**

«Аударматанудың заманауи мәселелері» атты ұжымдық монография әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында 2015-2017 жылдар аралығында орындалып жатқан «Қазақстандық аударматанудың әлемдік мәдениетаралық кеңістіктегі заманауи мәселелері: зияткерлік әлеуеті және даму болашағы» атты ғылыми жобаның аясында жарық көріп отыр.

Монография аударматанушы мамандарға, жоғары оқу орындарының «Аударма ісі» мамандығына оқып жүрген докторанттар мен магистранттарға, студенттерге арналады.

Коллективная монография «Современные проблемы переводоведения» опубликована в рамках научного проекта «Современные проблемы казахстанского переводоведения в мировом межкультурном пространстве: интеллектуальный потенциал и перспективы развития», выполнена на кафедре иностранной филологии и переводческого дела КазНУ им. аль-Фараби в 2015-2017 годах.

Научная работа посвящена переводоведам, докторантам и магистрантам и студентам переводческого отделения.

**ӘОЖ 80/81  
ҚБЖ 81.2 Каз-7**

ISBN 978-601-04-2081-6

© Авторлар ұжымы, 2016  
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

## **«АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КӨРКЕМДІК ӘЛЕУЕТІН АУДАРУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР**

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы 1945-1973 жылдар аралығында әлемнің 40-қа жуық тіліне аударылған. Әдетте бұл аудармалар сатылы түрде орыс тіліндегі аудармасынан жасалынды. «Қай тілде жазылса да, халықтың өз мүлкіндей, төл туындысындай болып кеткен» бұл туындының әлі де талай элем тілдеріне аударылатыны сөзсіз.

Эпопеяның алғашқы орыс тілінде баспаға шығуы 1940 жылдан басталды. Л.Соболев аудармасымен «Дала жырлары» жинағында «Татьянаның қырдағы әні» тарауы жарияланған. Алайда «Социалистік Қазақстан», «Семей таңы» гезеттерінде алғашқы аударма 1937 жылы М. Воронцов аудармасымен «Литературный Казахстан» альманағында «Татьянаның әні» тарауымен жарық көрген деген деректер келтіріледі [1, 3]. Ал 1945 жылдан бастап эпопеяның толық және жеке тараулары одақтық журналдарда, кейін кітап түрінде баспалардан жыл сайын шығып тұрды. Орыс тіліне тәржімалаған аудармашылары – А. Никольская, Т. Нұртазин, Л. Соболев, Н. Анов, З. Кедрина. Бригадалық жолмен аударылған роман автордың тікелей қатысуымен жүргізілді. Осы жұмыс үстіндегі ұзақ жылдық шығармашылық байланыс М.Әуезовтің аудармашылармен достығын нығайта түскен. Атап айтар болсақ Леонид Сергеевич Соболев жазушының жақын досы, екеуі бірлесіп «Дала жыры» атты қазақ әдебиетінің антологиялық жинағын құрастырған, «Абай» трагедиясын жазған. Негізінен ол көркем сараптаушы қызметін атқарған. Жазушы, сыншы Темірғали Нұртазин, Анна Борисовна Никольская М. Әуезовпен алғашында Ленинградта студент кездерінде танысып, кейін «Қыз Жібек» эпосын аудару жұмыстары кезінде жақын араласып, достық, шығармашылық қарым-қатынаста болған. «Романның 1-2 кітабын аударғанымен, аты-жөнін жазуға мүмкіндік жоқ кезде шығарма Л. Соболевтің жалпы редакциясымен жарық көрген. Тек 1958 жылы ғана Никольскаяның аты жазылған» [2,463]. «Мұхтар

Әуезов туралы естеліктерінде» ғалым автордың аудармаға әрдайым қоян-қолтық араласып, өз пікірлерін білдіретіндігін атап өтеді. «Жолма-жол аудармашылардан тақымдап жүріп ала алмайтыныма Әуезовпен жұмыс жасау үстінде молынан кенелдім: автор ойының нәзік бояу, емескі емеурінін дәл түсіндіруге көмектесетін қат-қат теңеулер – қажеттісін сұрыптап, таңдап ал; идиомалардың айқын да айшықты түсіндірмесі – іздеп тауып ал» деп кеңес беретін дейді [3,170]. Зоя Сергеевна Кедрина жазушымен бірігіп І. Жансүгіровтің «Дала» дастанын, Б.Майлиннің, Т.Жароковтың өлеңдерін орыс тіліне аударған. Ғалым жазушының шығармашылығы туралы 30-ға жуық мақала жазған. Естеліктерінің бірінде: «Сол кезде менің қолымнан өткен әрбір тарауды дауыстап оқып, талқылайтынбыз, түзетулер енгізетінбіз, одан соң ғана дайын болды деп есептейтінбіз» [3,125]. Николай Иванович Анов эпопеяның 4 кітабын орыс тіліне аударған кезінде жазушының айтқан ескертпелерін мүлтіксіз орындап отырған. Мұхтар Омарханұлы өзі арнайы телофон соғып, «Абай жолының» 4 кітабын орыс тіліне аудару жөнінде ұсыныс жасап, жолма-жол аудармамен бірге қасына қазақ тілінен кеңес беріп отыру үшін Зейін Шашкинді қосып, «ең әуелі кітаптың бүкіл табиғатына, бүкіл атмосферасына дендеп аларсыздар» дейді. А.Л. Жовтис «Абай жолы» романындағы Абайдың өлең жолдарын орыс тіліне аударған.

Жазушының 110 жылдық мерейтойы қарсаңында «Абай жолының» орыс тіліндегі жаңа аудармасын жасау, ескі аудармадағы олқылықтарды болдырмау, жазушының суреткерлік тынысын, авторлық интонациясының барынша дәлірек жеткізу жұмысы орыс прозасының шебері Анатолий Андреевич Кимге бұйырды. Жазушы «Белка», «Отец-Лес», «Поселок кентавров», «Луковое поле», «Голубой остров» шығармаларының авторы, Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романын, О.Бөкей, Т.Әбдіков, Д.Исабеков, Ә.Кекілбаев шығармаларының аудармашысы. Жолма-жол аудармаларын жасаған – Қайсар Жорабеков, Мырзахан Тнимов. Әбіш Кекілбаев «шоқтығы биік аударма» деп баға беріп, ол жайында «Ең алдымен, буквализмге, қасаң әріпшілдікке ұрынбаған. Әуезовтің әрбір сөзін сол қалпында орысшалау, әр сөйлемнің синтаксисін сол қалпында қайталап құрастыру, бір ізден ауытқымау деген қатқыл қағиданың тығырығына қадалмаған. Ол Әуезовтің сөздік қорындағы әр сөзге мейлінше дәл келетін орысша балама тапқан. Сосын жалпы Әуезов синтаксисінің конструкция-

лық құрылысын, бітімін орысша жарасымды болжамдай білген», – дейді [4,13].

Әлемнің сан тіліне тәржімаланған «Абай жолының» аудармашылары төмендегі кестеде көрсетілген.

<i>Аударылған тілі</i>	<i>Жылы</i>	<i>Баспасы</i>	<i>Бет саны</i>	<i>Аудармашылар</i>
Чех	1948	Прага: свет Советов	306	И.Длау
	1949		457	И.Камуталиов, М.Лишков
Башқұрт	1949			Г. Рамазанов, кейін Б. Гареева
	1961	Уфа: Башкортостан	861	Н. Идельбаев
	1972	Уфа: Башкортостан	718	
Латыш	1948-1949	Рига	T1-365 T2-380	М. Шуман
	1963	Рига: Латгосиздат	Кн.1-375 Кн.2-397 Кн.3-367 Кн.4-398	
Болгар	1950	София: Наука и искусство	825	Б. Светлинова
	1964	София: Народна култура	794	З.Статков
Литва	1950	Вильнюс: Гослитиздат	T1-438 T2-438	К.Дилене, И.Брукас, А.Вайчюкас
	1960	Вильнюс: Гослитиздат	T1-529 T2-483	И.Станишаускас, К.Янкаускас
Эстон	1950-1951	Таллин: Эстгосиздат	Кн.1-458 Кн.2-522	Э.Ханге
	1960		T1-424 T2-423	Э.Ханге, Д.Ваарди, В.Даниель
			Кн.1-392 Кн.2-340	М.Кябин, Х.Вялипыллу

Словак	1951	Братислава	420	И.Соларик
	1961		789	М.Лисков
Өзбек	1951-1953	Ташкент: Гослитиздат Уз-ССР	Кн.1-416 Кн.2-435	А.Ж. Зумрад
Украин	1952	Киев: Гослитиздат Украины	615	И.Ле
	1985	Киев: Днипро	639	Д.Гринько
Армян	1952	Ереван: Айпетрат	772	Борзаян
	1954	Баку: Азернешр	475	Ә.Абасов
Ағылшын	1953	М.: Изд-во лит. на иностр.яз.	T1-449 T2-431	Н.Наврозов, Л.Ильин
	1975	М.: Прогресс	460	Қыскартылған
Поляк	1950-1951	Варшава	T1-413 T2-396	С.Погоржельский И.Литвинюк
	1954		325	М.Даб
Тәжік	1955	Сталинабад: Таджикгосиздат	689	А.Моллоханов
Қырғыз	1955	Фрунзе: Кыргызстан	T1-428	Т.Суванбердиев
	1957	Фрунзе: Кыргызстан	880	
	1989	Фрунзе: Адабият	T1-816 T2-798	Т.Суванбердиев, Д.Абдождаев
Ұйғыр	1957	Ташкент: Правда Востока	692	А.Зунунов
Татар	1959	Алма-Ата: Казгослитиздат	Кн.1-430 Кн.2-484	Н.Мансуров, Г.нигматов
	1960			С. Әбһамова

Түрікмен	1958	Ашхабат:Түрк-менгосиздат	679	Т.Қасымов, С.Яйлымов
Молдован	1959-63	Кишинев: Карта молдовеняскэ	T1-410 T2-434 T.3,4-839	М.Брухис, Л.Чемортан
Румын	1950	Бухарест:Карта Руса	345	О.Казимир, А.Ивановский
	1961	Бухарест	T1-759 T2-746	
Вьетнам	1965	Ханой:ван хуан	T1-268 T2-271	Чан Тяу, Хоанг Хунга, Зонг Зианг
Монғол	1972	Улаан-Баатар: Улсын хэвлэлийн газар	855	Ж.Ахмет, О.Тлейхан, Б.Хурматбек, А.Минисийы, С.Хайруулын, Ш.Жамлийхаагийн
Неміс	1972	М.Б-ка изб. произ.	Кн.1-565 Кн.2-576	Е.Ангарова
Қытай	1997	Пекин:Нац. издат	T1-425 T2-463	
Парсы	1997	Тегеран	T1-790 T2-790	А.Назими
	1998	Тегеран: нашур кангаре	T1-887 T2-790	Нозле Осгорзаде
Түрік	1997	Анкара	T1-411 T2-463	Ысмайл Зейнеш, Гүнгор Ахмет
Араб	1984	Ташкент: Радуга	585	Бурхан аль-Фатиб

Ескеретін бір жай орыс тіліндегі алғашқы аударма жұмыстары үстінде автор эпопеяның атауы мен тарау атауларын өзгеріссіз беруді талап еткен. Ал кестедегі аудармаларында көбіне «Абай», тіптен поляк тілінде «Сын Қазақстана» деп тәржімаланған.

«Абай жолы» эпопеясының тұңғыш аудармасынан бастап әр жылдары жарыққа шығып отырған аудармаларын талдап,

бағалау әлі де талай зерттеу еңбектерінің өзекті мәселесі болмақ. Қазақ халқының жарты ғасырлық ғұмырынан сыр шертетін эпопеяның өзге халықтардың тіліне аударылуы, өзге халықтар танымында қабылдануы қазақ әдебиетінің әлемдік кеңестікте танылуы мен бағалануының кепілі. Л.Н. Толстой өзінің естеліктерінің бірінде Пушкиннің «Цыган» поэмасын француз тіліндегі аудармасын оқығаннан кейін ғана шығарманың жаңа эстетикалық қырларын танып білгеніне қайран қалған екен. Осыдан шығатын қорытынды – аударма әрдайым түпнұсқаның көркемдік әсерін жоғалтпауы тиіс.

Аударма өнерінің адамзат тарихымен бірдей қалыптасуы мен көнелігінің себебі адамның әлеуметтік-мәдени болмыс ретінде әлемді барынша терең білуі үшін өзінің мәдени дүниетаным мен өмір салтының айрықша құбылыстарымен байланыс құру қажеттілігімен сабақтасады. Бұл байланыс ортақ өмір саласын бөлісудің бір қажеттілігі әрі адам сезімі мен дүниетанымын білдіру құралы болған тілдің көмегімен жүзеге асырған мәдениеттің өнімі. Мәдени өзгеріске жарыспалы сипатта уақытпен бірге тілде де өзгерістер пайда болады. Тіл жанды ағза сияқты: туады, дамиды, жаңарады, өзгереді, тіпті өледі де.

Мәдени жиынтық қордың ұрпақтар арасындағы көпірі болған тілдің өзгерісі ауызша қарым-қатынаста қоғамның күнделікті өмірде жүзеге асырылатын мәселені өмірге әкелді. Алайда көркем шығармаларға қатысты жағдай мүлдем басқаша. Қандай түрде болсын, жазбаша шығарма сол уақыт оқырманына арналады және оның тілімен жазылады. Жазбаша шығарма бір рет жазылады және жылдар бойы өмір сүреді. Алайда жазбаша шығарманың тілі жарияланғаннан кейін ескіре бастайды. Өйткені жазбаша шығарманың тілі тұрақты, ал қолданбалы тіл болса өзгермелі сипатта болады. Сондықтан кей жағдайда тарихи шығармаларда сөз ажарын келтіретін фразеологизмдер бүгінгі таңда қолданылмауы да мүмкін. Немесе мағынасы солғындаған жағдайлар да болады. Мақаламызда көркем аудармадағы фразеологизмдердің көркемдік кестесін танып, аудармашылық ізденістеріне шолу жасау мақсаты көзделген. Сондай-ақ М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы фразеологизмдердің танымдық мәнін, жасалу жолдарын, аудармада берілу амалдарын, жалпы әдеби аударманы түбірлі зерттеу, талдау барысында туындайтын



өзекті мәселелерді өз деңгейінде саралау міндеті айқындалып отыр.

Романнан алынған бірнеше мысалдарды салыстыра талдайық:

*Айналышқы жегендей* – тұрақты тіркесі әдетте төңіректен, ұзап кете қоймайтын, маңайлап жүріп алатын кісі туралы айтылады. Шығармада бұл тіркес келесі үлгіде берілген:

Түпнұсқа	Л.Соболев аудармасы	А.Ким аудармасы
<p>«Абайдың үлкен үйіне кірісімен Шұбарды көрген жерде Такежан жиырылып, қырыс қарап қалды. «Әлгі қалаға асығыс жөнелткен пысық жігітіміз сенбісің? Семейге жеткен шығар десем, мұнда жүр ме ең малтығып, <i>айналышқы жегендей</i> айналсоқтап!» – деп кекетіп отырып ызамен күлді [7, 117].</p>	<p>«Увидев у брата Шубара, Такежан раздраженно сказал: – А, вот где тот, кого мы просили спешить в город! Я думал, ты уже там, оказывается, ты <i>крутишься здесь!</i> <i>В прядки с нами играешь?</i> – злобно усмехнулся он» [8, 95].</p>	<p>«Увидев Шубара в абаевском доме, Такежан скривился от досады и недоовольно проворчал: – Е, ты ли это, наш расторопный джигит, которого мы послали в Семей? Мы-то думали, что ты уже там, а ты, оказывается, <i>заскочил сюда и торчишь здесь</i>, – неужели затем, чтобы никого не обидеть, а? [9, 135].</p>

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде айналышқы – бірінші мағынасы мал көтенішегінің сыртқа қараған бөлігі, сыртқы жиегі, ернеуі. Екінші мағынасы – улы шөп [10, 25]. Қазақ халқының тұрмысында ет мүшелеу салтында малдың (әсіресе қойдың) көтеншегін жас балаларға жегізбейді, табаққа салмайды. Отбасынан айналсоқтап шықпай қояды деген түсініктен туған. Сондықтан айналышқыта – бір жерді төңіректен, қара үзіп кете алмау және айналышқы жегендей – бір нәрсенің төңірегінен шырып айналып, айналсоқтап шықпау мағыналарын білдіретіні содан.

Түпнұсқадағы тұрақты тіркестің семантикалық транспозиция тұрақтылығы аудармада сақталмаған. Автор *малтығып, айналышқы жегендей айналсоқтап* сөздерін градация түрінде әдейі

жақындастырып, жалғастыру арқылы ойды айрықша әсерлі жеткізіп, мәтіндегі көркемдегіш қасиетін арттырған, себебі малтығу, айналшық жегендей (шыр айналып шықпау) айналсоқтау (қайта айналып келе беретін, әдетте жел) барлығының беретін мағынасы бір. Ал аудармашылар *время кружится около* сөзбе-сөз аудармасын пайдаланып *все крутишься здесь* (Соболев), *заскочил сюда и торчишь здесь* (Ким) деп фразеологизмнің экспрессивтілік мәнін әлсіреткен.

Фразеологизм – (фразеологиялық бірлік) семантикалық тұрақты байланыста болатын сөйлемдер мен сөздердің тіркесуі [11, 261] болғандықтан, олар әрдайым жазушының бейнелі ойын жеткізуде бірден-бір таптырмас құрал болып табылады.

*Айып-анжы берді* – айып төледі, айыбының төлемін өтеді.

Айыбын бетіне басты, айып тақты, айыбын жуды, айып көрді, айыпқа жығылды, айыпқа бұйырма, айып-шамы жоқ сынды фразалық тіркестер құрамындағы айып – көне сөз, беретін мағыналары 1. Қылмыс жасап, жазалы болғандығы үшін заттай төленетін ақы. 2. Кінә, жазық, әбестік. 3. Мін, кемшілік, жетімсіздік [10, 29].

Алдымен *айып-анжы* сөзінің этимологиялық мағынасын ашу қажет және мұны аударма құбылысымен үйлестіру керек. Анжы – дәріге малынған қыл, анжыма – ердің алдыңғы және артқы қапталындағы тесіп өткізілген кішкене қайыс немесе шынжыр, анжырлы – қары қатқан, күрткік болған. [12, 47]. Айып-анжы – X-XII ғасырда монғолдар кісі өлтірген, ұрлық және басқа сол сияқты айып істегендерге құн төлететін болған. Ондай құн анжу (анжу) деп аталған. Сол анжыны төлегеннен кейін айыпкер ешбір жаза шекпейтін болған. Ал анжыға көбіне мал, кейде дүние-мүлік те төлеп отырған. Қазақ тіліндегі анжы және монғол жазба тілінде кездесетін анжы сөзімен мағыналық жағынан да, тұлғалық жағынан да үйлесімді [12, 39].

Түпнұсқа	Л. Соболев аудармасы	А. Ким аудармасы
«Сол малымның төлеуі ғана емес, әр тұяғымның айыбы-анжысы бірге айтылмаса, бітімi жок [7, 132].	«Я хочу взыскать не только за <i>уничтоженные косяки</i> но и за <i>обиду</i> . Иначе о примерении ничего и говорить»[8, 102].	«Я не успокоюсь, пока Жигитек <i>не заплатит кун за содеяное преступление и за обиду</i> , которую нанесли нам.!» [9, 152].

Романды бұл тіркесті автор бірнеше жерде қолданады: «*Айып-анжысымен* дәл жуандардан әперемін деп кетті», сондай ақ, «Сенің кешегі күнгі еңбегіне *ағайын-анжы* ырзалық айтыпты» тәрізді *ағайын-анжы* тіркесіндегі *анжы* сөзі осы тұлғасында жеке жұмсалмайды, сөздің құрамында ғана қолданады. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде анжы сөзінің мағынасы «енші» сөзіне жақын деп берілген. Ерте кезде қызға енші бергенде, дүние малмен қоса, малшы-жалшыларды тағы сол сияқты адамдарды қоса берген. Кейін еншіге берілген адамдардың біразы иелерімен жақындасып, ағайындасып кеткен. Сөйтіп інже басқа адамдармен ағайындасып, туыстасып кететін болған, сондықтан інжі (енжі) сөзі ағайын сөзінің ықпалынан інжі сөзінің дауысты дыбыстары жуандап, бірінші буында, і-ә-а болып, екінші буында і-ы болып ауысқан. [12, 38].

Түпнұсқа	Л. Соболев аудармасы	А. Ким аудармасы
<p>«Сыныққа сылтау таба алмай отырған Құнанбай ғой. Қаршадай қыз өлді деп сауын айтып, ас беруші ме ем? Тіпті берсем де <i>басым сырықтанарылар</i> ма еді? Кінәласа, құн тілесін енді менен. Бірақ тек әлі жетсе, алып көрсін!» деп Бөжей бір-ақ томырылды [13, 171].</p>	<p>– Конечно, кому же раздувать пламя, как не Кунанбаю! Неужели мне оповещать народ и устраивать поминки по ребенку с ноготок? – грубо отрезал он. – Да если бы я даже сделал это, разве <i>отвел бы он удар от моей головы?</i> Если я виноват, пусть взysкивает с меня за кровь. Пусть попробует, если в силе! [14, 146].</p>	<p>– Это Кунанбаю свойственно искать причину для оправдания какого-нибудь своего нового подвоха. Что надлежало мне сделать? Неужели справить тризну по смерти девчонки, размером с ноготок? Ну, если и справил бы – то что, <i>моя голова убереглась бы от коварного удара сзади, с его стороны?</i> Если считает, что я виноват в смерти, пусть потребует с меня кун, выкуп за смерть. Только пусть сначала попробует взять его у меня, если на то хватит у него силенок [15, 224].</p>

Аудармашы А.Ким *айып-анжысын өтеу* фразологиялық тіркес құрамындағы сыңарларының семантикалық-стильдік қызме-

тін дәл жеткізу мақсатында *заплатит кун за содеяное преступление и за обиду* деп түсіндірме аударма жасаған. Бұл аудармасында фразеологизмнің ұлттық ренкі сақталғанымен (кун) оның әуелгі мағынасы өзгеріп, фразеологиялық тұтастықтан гөрі қара сөзбен аудару тәсілін тиімді деп тапқан.

*Басынан сырық кетпеді (арылмады)* – қысым көрді, таяқ жеді, аяқ асты болды. Негізінде басынан сырық, желкесінен тоқпақ кетпеу не малынан құрық кетпеу тіркестерімен қоса айталады. Осы жердегі сырық – киіз үйдің киізін жөндеуге, түндікті көтеріп ашуға арналған ұзын таяқ. Сырықта – сырық жұмсау, ұру, сырықтау – ұзын, биік, сырықша – кішірек сырық [10, 766].

*Басынан сырық, малынан құрық кетпеу – сөзбе-сөз аудармасы с головы не сходит шест, с лошадей курок. Подвергаться притеснениям и побоям – быть под пятой / под гнетом, под властью/.*

Жарықтығым, Майбасар, *басыма сырық, малыма құрық* сілтеген өз қылығыңды, осы Майбасар қылығын, сен неге айтпайсың?

Говоришь, избили твоего посыльного? Почему же ты, почтенный Майбасар, молчишь о своем издевательстве над нами? Мы ведь *под пятой твоей*.

Г.Гачечиладзе аудармашы қызметі туралы мындай пікірде: «... шығармашылық үдеріс кезінде аудармашы өзінің интуициясы, интеллектісі мен тәжірибесіне сүйенуі керек. Тәжірибе де теориялық білімді қажет етеді. Тарихқа үңілетін болсақ, көркем аударма екі негізгі принцип негізінде жүзеге асырылады: сөзбе сөз дәл аударма бірақ көркемдігі қанық емес аударма және көркемдігі толық жеткізілген бірақ түпнұсқадан алыс еркін аударма» [16, 76]. Осы мақсатпен аудармашының жасаған өзгерістері шындыққа жанаспады деп сыналуы мүмкін. Түпнұсқа мәтіннен ажырамау үшін ондағы сөздердің орнына балама сөздермен алмастырып жасалатын аударма үнемі түпнұсқаға сәйкесе бермеуі де мүмкін. Өйткені аудармадан күтілген мақсат жасалған өнімнің қолданбалы болуы. Аударманың қолданбалы болуы түпнұсқа мәтіннің түпнұсқа мәтінде тудырған әсерін аударма мәтінде мақсатты түрде жеткезе алуы саналады.

Көркем туындыларды қазіргі уақыт оқырмандарына ұсыну үшін шығармалардың аударылуына айрықша ықпалас керек. Негізінен стильдік, тілдік көркемдігі сақталуы тиіс. Өйткені аударма тек тілдер арасында ғана емес, сонымен қатар бұл тілдің өткенде-

гі мәдени элементтерін жаңа ұрпаққа жеткізу үшін де жасалады. Жазушының көркем шығарманы жазудағы мақсаты сол туындының қызықты оқылуы, оқырманның одан шынайы әсер алуы. Егер қандай бір шығарма оқырмандар тарапынан аса қызығушылықпен оқылса, жақсы қабылданса, онда жазушының алдына қойған шығармашылық мақсатына толық жеткені.

### Әдебиеттер:

1. Социалистік Казакстан, 8 декабрь 1967 ж. 3 б.
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. – Алматы: «Атамұра», 2011. – 668 б.
3. Мұхтар Әуезов туралы естеліктер. – Алматы: «Жазушы», 1997. – 608 бет.
4. Кекілбаев Ә. Шоқтығы биік аударма // Нұр Астана, 2009 2 сәуір №13.
5. М.О.Әуезов шығармашылығы бойынша библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: «Жібек жолы», 2005. – 575.
6. М.О. Әуезов шығармашылығы бойынша библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: «Жібек жолы», 2009. – 376.
7. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Үшінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2013. – 384 б.
8. Ауэзов М. Путь Абая. Роман. Том II. – Алматы: Жазушы, 2006. – 616 с.
9. Ауэзов М. Путь Абая / пер.А.Кима. – Алматы: ИД Жибек жолы, 2009. Кн.3. – 420 с.
10. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
11. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
12. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Редколл. А.Исқаков, Р.Сыздықова, Ш.Сарыбаев. Алма-Ата : Наука 1966. –240 б.
13. Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
14. Ауэзов М. Путь Абая. Роман. Том I. – Алматы: Жазушы, 2006. – 616 с.
15. Ауэзов М. Путь Абая / Пер.А.Кима. – Алматы: ИД Жибек жолы, 2007. Кн.1. – 470 с.
16. Гачечиладзе Г. Художественный перевод и литературные взаимозвязи. Москва: Советский писатель. – 1972. – 263.

## ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ КӨРКЕМ АУДАРМАДАҒЫ АНТРОПОЦЕНТРЛІК ПАРАДИГМАСЫ

Қазіргі уақытта лингвистика нақты белгіленген антропоцентрилік бағытын айқын танытып келеді. Бұл оның адамға қатысының айтарлықтай деңгейде екендігін анықтайды. Көркем мәтіннің өзі жалпы тіл атаулы сияқты адамның интеллектуалды және шығармашылық дүниесі ретінде қарастырылғандықтан ол да антропоцентрилік парадигма бағыттарының бірі болмақ.

Ғалымдардың пікірінше бұл ұғым антикалық грек философиясында Сократ ілімімен басталып, кейін Протогордың «Адам барлық нәрсенің межесі» деген түйін сөзімен анықтама алған. Сөздікте антропоцентризмді (грек. *Anthropos* – адам, лат. *Centrum* – орталық) – адам әлемнің орталығы, тілдегі көрінісі, барлық құбылыстың негізі, ал тіл өз табиғатынан адамдардың өзара түсінушілігін орнатуға қабілетті жалғыз және бірден бір құралы деп аталып жүр. Қазіргі кезде тілдік тұлғаны зерттеудің бірнеше жолдары бар. Алдымен бұл терминнің астарында адамның сөйлеу қызметіне қатысты мүмкіншіліктерін, анығын айтқанда оның тіл иеленуші қасиеті түсіндіріледі. Сонымен қатар, бұл терминнің мағынасы – тілді қатынас құралы ретінде қолданатын адамның вербальдық әрекетінің ерекшеліктер жиынтығы деп те санайды.

Сонымен, антропоцентрилік парадигмада бірінші орын адамға тиесілі, ал тіл – оның басты сипаттамасы, негізгі құрамдас бөлігі. Мәдениет пен тіл – антропоцентрилік шындық, ол адамға тән сипаттар адамға қызмет етеді және адамсыз оның мәні жоқ.

XX ғасыр лингвистикасының антропоцентрилік парадигмасы өзара байланысатын төрт түрлі бағытқа бөлінеді. Бірінші бағыт тілді адамның «айнасы» ретінде зерттейді, оның негізі – өмірдің тілдік көрініс түсінігі, ал басты міндеті – адамның өз-өзін тіл арқылы бейнелеуін зерттеу. Екінші бағыт, коммуникативті лингвистика, оны адамға қызығушылығы, ең алдымен оның коммуникация үрдісіне қатыстылығы сипаттайды. Үшінші бағыт – өзге ғылымдардың мәліметтеріне сүйеніп, тілдің танымдық үдеріс пен адамның когнитивті ұйымдағы ролін анықтау. Антропоцентрилік лингвистиканың төртінші бағыты нақты атауы жоқ. Ол адамда тілдің қандай жолмен өмір сүретіндігін анықтауға бағытталған. С.Г.Васильев тіл білімінің осы бөлімін ішкі субъектілік лингвистика немесе тіл иеленуші теориясы деп атауды ұсынады.

Тілдік тұлға принципі немесе жоғарыда анықтама берілген антропоцентризм шетелдік лингвистикада соңғы жылдары қарқынды зерттеліп келеді. XIX ғасыр аяғында И.А. Бодуэн де Куртенэ «Фонология» (1899) еңбегінде антропофониканы ғылыми бағыт ретінде, яғни адамның сөйленіс кезінде шығаратын дыбыстарды зерттеуімен бұл ілімнің негізін салды. Сондай-ақ Мәскеулік семантика мектебінің өкілдері Н.Д. Арутюнова, Б.А. Серебренников, Е.С. Кубрякова, А. Вежицкая, Ю.Д. Апресян, В.М. Алпатов зерттеулерінде көрініс тапқан.

Осылайша, антропоцентрлік парадигманың қалыптасуында лингвистикалық проблемасы адамға және оның мәдениеттегі орнына қарай айқындалады, өйткені мәдениет пен мәдени дәстүрдің басты назарында өзінің эралуандығымен ерекшеленетін тілдік тұлға тұр. Тіл – табиғатынан адамдар арасындағы қарым-қатынасты орнататын жалғыз және бірегей құрал. Тіл бір уақытта «ұлттық мәдениет айнасы, оның қорғаушысы ретінде қызмет атқарады. Тіл адамның өз білгенін басқаларға жеткізуге мүмкіндік беретін құрал екені белгілі. Тіл арқылы адам өз білімін түрлі мақсатта қолданады. Тіл адамның ойлау қызметінің заттық формасы, танудың мықты құралы болып саналады. Ол арқылы тану үдерісінде заттық әлем дәріптеледі, ақиқаттың сезімтал көрінісінің шынайылығы, сезіну мен қабылдаудың елестету мен түсінуге өтуі жүзеге асады, жалпылау қалыптасады. Алдымен тіл ақиқат әлемімен өзінің «құрылыс материалымен», яғни номинативті, лексикалық-фразеологиялық бірлік жүйесімен де тығыз байланысты екендігін аңғаруға болады. Әдетте тіл табиғаты қарапайым екі қызметімен түсіндіріледі: коммуникативті және экспрессивті (яғни ойды білдіру қызметтері). Олардың өзі пайымдау арқылы көрініс табады. Қарым-қатыныс кезінде ойлау пайда болады да, пайымдау арқылы адам әлемі мен әлем туралы ойлау арасында байланыс туындайды. Н.Д.Арутюнованың «Тіл және адам әлемі» еңбегінде мәтіннен мәнге, қалыпты құбылыстардан аномалияларға, дискурстың логикалық құрылымының оның стильдік ерекшеліктеріне, жалпы тілдің қарапайым қызметінен күрделі құбылыстарына дейін бүге-шегесіне дейін қарастырады. Сонымен қатар сөздің лексикалық мағынасының негізгі типтері, логикалық-коммуникативті қызметі және олардың мәтіндегі орны айқындалады [1].

Бүгінгі таңда тіл білімінде үш ғылыми парадигманы бөліп көрсетуге болады: салыстырмалы-тарихи (XIX ғасырдың тіл біліміне тән және салыстырмалы-тарихи әдіске негізделген), жүйелік-құрылымдық (басты назар сөзге аударылады) және соңғысы – антропоцентрлік парадигма. Аталмыш ғылыми парадигманың шеңберінде зерттеушілердің назары танып-білу объектісінен субъектісіне ауысумен, яғни, олар адамды тілдің ішінде және тілді адамның ішінде деп талдайды. Осылайша, қазіргі лингвистикада тілдің антропоцентрлік идеясы басты ғылыми бағыттардың бірі болып саналады. Аталмыш парадигма тұрғысынан, адам «өзіне-өзі, әлемдегі өзінің теориялық және заттық қызметін түсіну» арқылы әлемді таниды және бұл оған «өзінің санасында» оның рухани мәнін, іс-әрекетінің себебін, құндылықтар иерархиясын анықтайтын заттардың антропоцентрлік қатарын жасауына» құқық береді.

Соңғы жылдары фразеология саласында да көптеген ғылыми мақалалар мен диссертациялар осы тақырып төңірегінде жазылып, әр түрлі қырынан зерттеліп жүр. Әсіресе Е.Ф. Арсентьева, Е.Ю. Харитоновна, Е.П. Молостова, А.М. Гарифулина т.б. ғалымдар еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Ал соның ішінде ерекше назар аудартатын «тілдегі адами фактор» немесе тілдік тұлға тақырыбы жаңадан зерттеу нысанына айналуға болады. Ғалымдар оны қазіргі кездегі фразеологияны зерттеудегі антропоцентрлік парадигма бағыты деп атап жүр.

Көптеген тіл мамандары антропоцентризмнің фразеологияда басыңқы нысан екеніне бірауыздан келіседі. Кез келген шетел тілінің лексикасы және фразеологиясы оларды сөйлеуде дұрыс және орынды қолдану үшін лайықты дәрежеде игерілуі тиіс деп пайымдайды. Фразеология бай лексиканы құрайды және ол тұтас номинативті қызметке ие деп түсіндіріледі. Сондықтан оның объектілеріне тіл білімінің барлық түрін жатқызу – фразеологияны тілдің кешенді белгілерін зерттейтін лингвистика саласы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Тілдің фразеологиялық жүйесі – оны барлық жақтан қарастыруға мүмкіндік беретін біртекті және жан жақты құбылыс [2, 171].

Фразеологиялық бірліктердің басым көпшілігі адам психологиясын, адамның эмоционалды жай-күйі мен мінез-құлық сипаттарын құрайды. Олардың адамға қатыстылығын бірнеше топқа бөліп қарастыруымызға болады:



а) адамның жеке тұлғалық қасиеттері;

ә) адамның қоршаған ортасы, қоғамдағы орны мен ұжым ішіндегі қасиеттерінің бағалануы.

Адамның жеке қасиеттері әдетте ішкі және сыртқы бейнесін құрайтын фразеологиялық бірліктердің семантикалық тобын құрайды. Адамның сыртқы бейнесі, кескін-келбеті, жас мөлшері, бойы, денсаулығы, адамның жалпы физикалық қалпын бейнелейтін фразеологизмдер: қазақ тілінде – *ай қабак, алтын кірпік, ақ білек, қара жүрек, ай десе аузы, күн десе көзі бар, жас уыз, бес биенің сабасындай, киіктің асығындай, көргеннің көзі тойғандай, тал бойында бір мін жоқ*; орыс тілінде – *коломенская верста, каланча пожарная, от горшка два вершка, от земли не видать (не видно), с ноготок, с булавочную головку, косяя сажень в плечах, лопаться от (с) жиру, входит в тело, в чём (только) душа держится, еле-еле душа в теле, при последнем издыхании, тепличное растение, едва (чуть, еле, с трудом) ноги волочить (таскать), краше в гроб кладут, лежат в лёжку, бог не обидел.*

Адамның ішкі бейнесін танытатын фразеологизмдер оның ой-қабілетін, өмірлік тәжірибесін, өз-өзін ұстауы мен жалпы жеке басына тән қасиеттері: қазақ тілінде – *абызсынып отыр, адал итсіз, аузын айға біледі, шашбауын көтеру, ақ жарқын, ақ жүрек, су жүрек, тас жүрек, қара басқан, қара бауыр, қара бет, қара борбай, қара көңіл, алыс екі айлалы, жыланның аяғын көрген, су жұқпас, қара судан қймақ алған, құ мүйіз, ала аяқ, іш мерез, бақай құлықты, құ тақым, сырдан сыңар аяқ өткен, тілінен бал тамған, сөз баққан, тілін безеген, су жорға*; орыс тілінде – *тёртый калач, зубы проел, собаку съел, стреляный воробей, травленный (старый) волк, пролётная головушка, мастер на все руки, знает, как свои пять пальцев, рука набита, золотые руки, из молодых да ранний, глаз набит (наметан), знает (масть) толк; без царя в голове, пороха не выдумает, богом убитый, ни бе ни ме (ни кукареку), петый дурак, дубина стоеросовая, без головы, пень берёзовый, медный лоб, мешок с соломой, пустая голова, дурья голова, голова соломой набита, голова еловая, солома в голове, глуп как пробка, глуп как сивый мерин, мякинная башка.*

Ал адамның қоғамдағы әлеуметтік жағдайы, әл-ауқаты туралы айтылатын фразеологизмдер: қазақ тілінде – *ағаш белсенді, адал сүт емген, адам сирақ, айбар мүйізді, құрдай жорғалау, табанын жалау, ағаштан түйін түйген, асылдың сынығы, көп-*

*ті көрген, жолы үлкен, сүт бетінде қаймақ, көне көз, сайдың тасындай, атағы дардай, ортан қолдай, қара жаяу емес, аузынан ақ май аққан, төрт түлігі сай, дәулетіне сәулеті сай, ер мүйізі қарағайдай, қой ішінде марқа; орыс тілінде – важная птица, высшей пробы, не обсевок в поле, высоко летать, не лыком шит, белая кость, далеко пойти, место под солнцем, переть в гору, большая рука, птица высокого полёта, в цене, из ряда вон выходящий, на своём месте, вырасти в глазах, рукой не достанешь, с большой буквы, без роду и племени, грош цена, нигуда не годный, не в чести, низкой пробы, пятое колесо в телеге, птица невысокого полёта, на широкую ногу, молочные реки и кисельные берега, полная чаша, грести лопатой деньги, вставать на ноги, денег куры не клюют, тугой карман, как сыр в масле кататься; садиться на мель, ветер свистит в карманах, беден как церковная крыса, карманная чахотка, голь перекатная, свистать в кулак, перебиваться с хлеба на квас, вольная птица.*

Осы көрсетілген фразеосемантикалық нұсқалар адамды түрлі қырынан танытады. Фразеологиядағы тілдік тұлғаның бірнеше тіл тоғысында кешенді зерттелуі фразеологизмдердің ассоциативті-эмоционалды элементтерге бай ақпараттарын әр ұлттың әлемдік бейнесін тануға мүмкіндік береді. Және бұл тақырып көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудырады. Сонымен қатар фразеологиялық қор – ұлттық мәдениеттің айнасы, адам дүниетанымы мен әлемді қабылдаудың көрінісі. Халықтың жаны атанған фразеологизмдерде көрініс тапқан ұлттық стереотиптер мен қалыптар тілдің ментальдық ерекшелігін тануға мүмкіндік береді. Енді М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған бірнеше мысалдарды салыстыра талдайық:

Түпнұсқа	Л.Соболев аудармасы	А.Ким аудармасы	Түсініктеме
<p>Құнанбай аға сұлтан болды да, өзгелерінің қатарынан озғындап кетті. Онда әкімдік бар. Сыртқа да, ұлыққа да жақындық бедел бар. Әрі қолы ұзын, малды. Сөзге жүйрік, мінез бенен іске де алғыр. Осының бәрі өз ортасын бойымен басып жыға беруге себеп болатын [3, 22].</p>	<p>Став ага-султаном, Қунанбай поднялся над всеми. <i>Власть в его руках.</i> Он связан с внешним миром, с высшими властями, они с ним считаются, ценят его. <i>Кроме того у него длинные руки, – он богат. Он за словом в карман не лезет, умеет держать себя, внушительен, упорен, непреклонен в достижении цели.</i> И, ловко применяясь к обстоятельствам, он подавляет всех вокруг себя [4, 21].</p>	<p>Получив от русских властей свое назначение, Қунанбай сразу вырвался из рядов прочих владетелей и управителей, поднялся над всеми. Теперь у него в огромном краю – <i>вся власть в руках.</i> Обзавелся друзьями среди русских чиновников в городе. Қунанбай <i>богат, мог творить что ему угодно, руки у него развязаны.</i> никто не может сравниться с ним в делах, у него железная хватка. <i>И к тому же он образован, красноречив, обладает сильным, трезвым умом.</i> Все это позволяет ему иметь большое влияние на людей, и он самый первый среди своих на всем пространстве огромного уезда [5, 30].</p>	<p><i>Қолы ұзын</i> – дәулетті, өріс адам ұғымын, қолданылады оған қарама-қарсы <i>қолы қысқа</i> – кедей, жарлы, тұрмысы төмен адам қатысты айтылады. <i>Сөзге жүйрік</i> мінез бенен іске де алғыр – осы ретте жазушы ойықшамды жеткізу мақсатын оқказионалды қолданысты пайдаланған. <i>Бәбі жалпы тіл сөзге батыр, іске нақыр</i> яғни құрғақ сөзін әуес кісі туралы тіркестер кездеседі. Жазушы оны түрлендіріп жағымды ұғып қолданған. Ал аудармашылар <i>власть в его руках, длинные руки, за словом в карман не лезет, руки у него развязаны</i> сынды фразалық тіркестермен беруге тырысқан. Бұл ұтымды әдіс.</p>

<p>Бөжей – қалың Жігітектің адамы. Бұрын орталарынан Қенгірбайдың <i>теріс азу, мықты біі шыққан ел</i> [3, 22].</p>	<p>Вот хотя бы Бөжей, сидящий по правую сторону Кунанбая. Он из влиятельного рода Жигитек. Из Жигитека в свое время вышел <i>стойкий и упрямый властитель Кенгирбай</i>[4, 21].</p>	<p>Почтенный Бөжей, сидящий по правую руку Кунанбая – вожак многочисленного рода Жигитек, в прошлом из жигитеков <i>происходил сам могущественный властитель Кенгирбай, правивший железной рукою</i> [5, 31].</p>	<p><i>Теріс азу</i> – қазақ ұғымында қырсық,қыңыр кісі туралы айтылады. Аудармашылар <i>стойкий и упрямый властитель, происходил сам могущественный властитель</i> сынды тіркестерді фразеологиялық мағынасын аудармада лексикалық бірліктермен тым қарапайым жасаған. Мәтіндегі образдылық әлсіреп, фразеологизмнің ұлттық-этникалық колориті жоғалған.</p>
--	---	---	--

Фразеологиялық бірліктер халықтың тарихымен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Оларды аударуда әр халықтың сөйлеу мәдениетін, ұлттық ерекшелігін, тілді қолдану дәстүрін жете білу, әрбір фразеологизмнің шығу тегін, жасалу жолдарын, т.б. сипаттарын терең түсіну қажет. Әр түрлі тіл мен мәдениет немесе лингвомәдениет өкілдерінің арасындағы өзара түсінісу тек лингвистикалық емес, сананың мәдени, тіл деңгейлерінде де орын табатыны бізге жақсы белгілі. Осыған байланысты түрлі тілдерді салыстыру кезінде олардың мәдениетіндегі қарама-қайшылықты ғана емес, оны иеленуші адамның дүниетанымын, басқаша айтқанда әлемді қабылдаудың тілдік бейнесін де ескеру қажет. Жоғарыда айтылғандардың аясында өзге елдің азаматын түсіну үшін аталмыш тілдің семантикалық, эмоционалдық және экспрессивті мағынасын жеткізетін фразеологизмдерді білу керектігін атап өту керек. Шет тіліндегі фразеологизмдердің мағынасын білмеу түсінбестікке алып келуі мүмкін, бұл тек қарым-қатынасты қиындатып қана қоймай, әлем бейнесін, әсіре-

се, тіл бейнесін тануға мүмкіндік бермейді. Ал аудармада беру өте ұқыптылықты, шеберлікті қажет етеді.

### Әдебиеттер:

- 1 Арутюнова Н. Д. Язык и мир человека. – М.: Языки рус. культуры, 1999. – 895 с.
- 2 Лескина С.В. Фразеологизмы как средство отражения языковой картины мира в рамках антропоцентрической парадигмы (на примере русского и английского языков) // Филологические науки. – Тамбов: Грамота, 2009 – № 2 (4). – С. 170-172.
- 3 Әуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. Бірінші кітап. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 б.
- 4 Ауэзов М. Путь Абая. Роман. Том I. – Алматы: Жазушы, 2006. – 616 с.
- 5 Ауэзов М. Путь Абая / Пер. А. Кима. – Алматы: ИД Жибек жолы, 2007. Кн.1. – 470 с.
- 6 Воркачев С. Г. Лингвокультурология, языковая личность, концепт: становление антропоцентрической парадигмы в языкознании // Филологические науки – 2001 – № 1. – С. 64-72.
- 7 Худенцова, О.В. Особенности фразеологических единиц с флористическим компонентом (семантический и функциональный аспекты): автореф. кан. дис. – 2009. – 213 с.
- 8 Дәдебаев Ж. Абайдың антропологизмі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 238 б.
- 9 Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 196 б.
- 10 Орысша-қазақша фразеологиялық сөздік. – Алматы: Ғылым, 1985. – 224 б.

[http://epistemology\\_of\\_science.academic.ru/54/антропоцентризм](http://epistemology_of_science.academic.ru/54/антропоцентризм)

<http://ru.wikipedia.org/wiki/Антропоцентризм>

## МАЗМҰНЫ

Дәйектеме .....	3
<i>Дәдебаев Ж. Нәзира</i> – мәдениетаралық байланыстардың басты саласы.....	5
<i>Жақсылықов А.</i> Предтечи слова в поэтической культуре жырау и их переводческая интерпретация .....	34
<i>Есембеков Т.</i> Көркем мәтінді аударудың жалпы филологиялық негіздері .....	57
<i>Тарақов Ә.</i> Аудармашы тұлғасы .....	88
<i>Мұсалы Л.</i> Шешендік сөздің зияткерлік әлеуеті және оны тәржімалау ерекшеліктері .....	123
<i>Сейденова С.</i> Межкультурные аспекты изучения художественного текста .....	146
<i>Сейденова С.</i> Перевод элементов экспрессивности в художественном тексте .....	156
<i>Айтмұхамбетова А.</i> Реалийлердің мәдениетаралық қызметі және аудармада берілу жолдары .....	168
<i>Әзімбаева И.</i> «Абай жолы» эпопеясындағы фразеологизмдердің көркемдік әлеуетін аударудағы қиындықтар .....	187